

Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 926 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 797 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.09.2015 № 797 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.08.01. N 801 қаулысымен .

Қазақстан Республикасында техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және кодтау, өнімді каталогтау жүйесін үйлестіру және дамыту, Қазақстан Республикасы жіктеуіштерінің бірыңғай қорын жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Ескерту. Кіріспеге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.01. N 801 қаулысымен .

1. Қоса беріліп отырған Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.01. N 801 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін (бұдан әрі - Депозитарий) құру және жүргізу жөнінде шаралар қ а б ы л д а с ы н .

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.01. N 801 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті(бұдан әрі - Комитет) Депозитарий қызметін ұйымдастыру жөніндегі уәкілетті орган болып белгіленсін.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.08.01. N 801 қаулысымен .

4. Мемлекеттік жіктеуіштерді (анықтамалықтарды) әзірлеуге, бекітуге және жүргізуге жауапты мемлекеттік органдар 2004 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде Комитетке олардың электронды және қағаз жеткізушілерде берілуін қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

2

қыркүйектегі

№

926

қаулысымен

бекітілген

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда- ҚР Үкіметінің 2005.08.01. № 801 қаулысымен .

Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу ережесі

Осы Техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің депозитарийін құру және жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының техникалық-экономикалық ақпаратының мемлекеттік жіктеуіштері депозитарийінің (бұдан әрі - Депозитарий) қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздерін және оны жүргізу тәртібін белгілейді, Қазақстан Республикасында техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу мен кодтау жүйесін дамытуға мүдделі Депозитарий субъектілері арасындағы өзара іс-қимыл тетігін айқындайды.

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) Депозитарий - техникалық-экономикалық ақпарат жіктеуіштерінің жиынтығын білдіретін, ведомствоаралық сипаты бар, олардың қалыптасуын, есепке алынуын, сақталуын, көкейкесті етілген (бұдан әрі - көкейкесті ету) жағдайда ұсталуын қамтамасыз ететін, Депозитарийді пайдаланушылар мүддесіне ақпараттық және нормативтік қамтамасыз ететін арнайы қор;

2) депозитарлық қызмет - техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерін әзірлеу және қолдану саласында қалыптастыру, есепке алу, сақтау, көкейкесті ету, ақпараттық және нормативтік қамтамасыз ету жөніндегі Депозитарий субъектілерінің қызметі;

3) Депозитарийдің жеткізушілері - техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерін әзірлеуге, бекітуге және жүргізуге жауапты мемлекеттік органдар;

4) Депозитарийдің пайдаланушылары - депозитарийдегі ақпаратты және жіктеуіштерді пайдалануға мүдделі жеке және заңды тұлғалар;

5) уәкілетті орган - техникалық реттеу және метрология саласындағы уәкілетті орган.

2. Жалпы ережелер

2. Техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштері депозитарийі Техникалық регламенттер мен стандарттардың мемлекеттік қоры негізінде құрылады және оның құрамдас бөлігі болып табылады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.04.28 N 396 Қаулысымен.

3. Өзінің жұмысында Депозитарий осы Ережені, техникалық регламенттер мен стандарттардың мемлекеттік қорының жұмысын белгілейтін нормативтік құжаттарды және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық кесімдерін басшылыққа алады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.04.28 N 396 Қаулысымен.

4. Депозитарий қызметі мүдделі тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрамайтын бөлігінде қолжетімді, ашық және айқын болып табылады.

5. Қазақстан Республикасының экономикасы салаларында есепке алуға жататын статистикалық есептілік жүйесінде, сондай-ақ мемлекеттік органдардың түрлі ақпараттық жүйелерінде пайдаланылатын техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштері депозитарлық қызмет объектілері болып табылады.

6. Уәкілетті орган, Депозитарийдің жеткізушілері мен пайдаланушылары депозитарийдің субъектілері болып табылады.

3. Депозитарий жүргізу тәртібі

7. Депозитарийді жүргізуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

8 . М ы н а л а р :

мемлекеттік органдар мен өзге де жеке және заңды тұлғалар; стандарттау жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдар депозитарийдің жиынтықтау көздері болып табылады.

9. Жұмыстар жүргізу және сақтау үшін Депозитарийге техникалық-экономикалық және әлеуметтік ақпаратты жіктеу мен кодтаудың бірыңғай жүйесінің стандарттарына сәйкес әзірленген және бекітілген, нормативтік құқықтық кесімдерде белгіленген талаптарға сәйкес істерге

ресімделген техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштері мен оларға өзгерістер қабылданады. Жіктеуіштердің басқа санаттары шығарылған құжаттар түрінде қабылданады.

10. Депозитарийдің жеткізушілері құжаттарды көкейкесті түрде ұстау үшін техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерін, сондай-ақ оларға өзгерістер мен толықтыруларды Депозитарийге олар бекітілгеннен кейінгі екі апталық мерзімінен кешіктірмей беруді қамтамасыз етеді.

11. Депозитарийге келіп түсетін және ондағы бар барлық техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштері, сондай-ақ олар туралы анықтамалық ақпарат қатаң есепке алынуға тиіс.

Техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерін есепке алу олардың сақталуын қамтамасыз ету және олардың қозғалысын, көкейкесті етілуі мен әрекет ету мерзімдерін бақылау мақсатында жүзеге асырылады.

12. Депозитарийде техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерін есепке алуға, қалыптастыруға және сақтауға жауапты тұлғалар айқындалады.

13. Депозитарийге осы Ереженің 8-тармағында көзделген ұйымдар берген техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштері бақылау даналарына жатады және олар жұмыс істеу үшін берілмейді.

Техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерінің бақылау даналары мүдделі тұлғаларға берілетін құжаттардан бөлек сақталады.

Берілуге жататын техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерінің даналары "Жұмыс даналары" мәртебесіне ие болады және жұмыс істеу үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде қағаз, ал ол болмаған жағдайда электронды жеткізушілерде беріледі.

14. Белгіленген тәртіппен Депозитарийге келіп түсетін техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ресімделеді.

15. Депозитарийдің техникалық-экономикалық ақпаратының мемлекеттік жіктеуіштері тәртібін уәкілетті орган белгілейтін жиынтық және жеке есепке алынуға жатады.

16. Ж і к т е у і ш т і жү р г і з у :

техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерінің эталондары мен бақылау даналарын құруды;

ақпараттың дұрыстығы мен толықтығын, жаңа объектілерді жіктеу мен кодтауды қамтамасыз ету, техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерін жетілдіру мақсатында оларға өзгерістер енгізуді көздейді.

17. Техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштерінің сақталуын қамтамасыз ету үшін уәкілетті орган арнайы үй-жай бөледі.

Сақтау нормативтік құқықтық кесімдер белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

18. Депозитарийдегі техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштері толық мәтіндік электронды дерекқорларда қалыптастырылады.

Техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштері бойынша электронды дерекқорлар мемлекеттік және орыс тілдерінде қалыптастырылады.

19. Мүдделі тараптарға қызмет көрсету уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

20. Депозитарийдегі техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік жіктеуіштері туралы ақпарат мемлекеттік стандарттардың жылдық және ай сайынғы ақпараттық сілтеуіштерінде жарияланады.

4. Депозитарий субъектілерінің жауапкершілігі

21. Депозитарий субъектілері оған берілген және сақталатын техникалық-экономикалық ақпарат мемлекеттік жіктеуіштерінің көкейкестілігі үшін өзінің құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.